



**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымдары
курсанттарын жабдықпен және асханалық-ас үй мүкәммалымен қамтамасыз ету
жөніндегі заттай нормаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2025 жылғы 29 сәуірдегі
№ 162 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру
ұйымдары курсанттарын жабдықпен және асханалық-ас үй мүкәммалымен қамтамасыз
ету жөніндегі заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Тылдық қамтамасыз
ету департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты салтанатты, күнделікті, далалық және арнайы киім нысанының
ескі үлгілерін берілген және кию мерзімін ескере отырып, тиісті жылға арналған
республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде кезең-кезеңімен іске асыру
жөнінде шаралар қабылдауды;

2) осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмесін Қазақстан
Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми
жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан
Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің
ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан
Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

К. Тұрсынбаев

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
міндетін атқарушының
2025 жылғы 29 сәуірдегі
№ 162 бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымдары
курсанттарын жабдықпен және асханалық-ас үй мүкәммалымен қамтамасыз ету жөніндегі
заттай нормалары**

р/н№	Мүліктің атауы	Өлшем бірлік	Саны	Қызмет мерзімі
1	2	3	4	5
	1. Жабдықтар			
1	Шекті жүктемесі 10 -20 кг кәдімгі үстел таразысы	дана	1	7 жыл
2	Ас үйлерге арналған шекті жүктемесі 100 -200 кг тауарлық таразылар	дана	1	7 жыл
3	Қайнаған суды дайындауға арналған үздіксіз қайнатқыш	дана		
	шай үшін	дана	1	7 жыл
	ыдыс-аяқ пен ас құралдарын жууға арналған 100 литрге дейінгі	дана	4	7 жыл
4	Газды ас пісіретін, электрлі бу қазандығы:			
	100 литр	дана	1	7 жыл
	160 литр	дана	1	7 жыл
	250 литр	дана	1	7 жыл
	сүйектерді пісіруге арналған (сыйымдылығы 250-400 литр қазандар)	дана	1	7 жыл
5	350-400 кг/сағ картоп қабығы Котлеттерді қалыптауға және нан пісіруге арналған Машина	дана	1	7 жыл
6	Қол май бөлгіш	дана	1	7 жыл
7	Котлеттерді қалыптауға және нан пісіруге арналған машина	дана	1	7 жыл
8	Пісірілген көкөністерді кесуге арналған машина	дана	1	7 жыл
9	Ұсақтағыш машина	дана	1	7 жыл
10	Сағатына 2000 тәрелке арналған ыдыс жуатын машина	дана	1	7 жыл

11	Сағатына 110-150 кг ет тартқыш	дана	1	7 жыл
12	Қол ет тартқыш	дана	1	7 жыл
13	Нан кесуге арналған интіректі пышақ	дана	1	7 жыл
14	Көкөніс кескіш-корнерезка	дана	1	7 жыл
15	Балықты тазалауға арналған құрылғы	дана	1	7 жыл
16	Нан кескіш	дана	1	7 жыл
17	2 м2 дейін қуыру беті бар ас үй плитасы	дана	2	7 жыл
18	Сыйымдылығы 80 литр қалақшасы бар электр таба	дана	1	7 жыл
19	Қуыру шкафы	дана	2	7 жыл
20	Азық-түлік қоймаларына арналған 10-25 тоннаға арналған стационарлық тоңазытқыш	дана	1	7 жыл
21	Тоңазытқыш камерасы:			
	көлемі 6 м3	дана	1	7 жыл
	көлемі 12 м3	дана	1	7 жыл
	көлемі 18 м3	дана	1	7 жыл
22	Ас үйге арналған тоңазытқыш шкаф:			
	көлемі 0,4 м3	дана	1	7 жыл
	көлемі 0,6-0,8 м3	дана	1	7 жыл
	көлемі 1,2-1,25 м3	дана	1	7 жыл
23	Тұрмыстық тоңазытқыш:			
	сыйымдылығы 140 литрден жоғары	дана	1	7 жыл
	сыйымдылығы 150 литрден жоғары	дана	1	7 жыл
24	Жүк көтергіштігі 80 -400 кг жүк арбасы	дана	1	7 жыл
25	Ыдыс жинауға арналған арба	дана	1	7 жыл
26	Өнімдерді суық өңдеуге арналған ванна	дана	2	7 жыл

27	Металл жуу ваннасы: үш секциялы екі секциялы бір секциялы			
	үш секциялы	дана	1	7 жыл
	екі секциялы	дана	1	7 жыл
	бір секциялы	дана	2	7 жыл
28	Жарма іріктеуге арналған үстел	дана	1	7 жыл
29	Металл кесетін үстел:			
	ет бөлгіштер үшін	дана	1	7 жыл
	балық бөлгіштер үшін	дана	1	7 жыл
	көкөніс бөлгіштер үшін	дана	1	7 жыл
30	дайын бұйымдар үшін	дана	1	7 жыл
	Асүй-асханалардың басқа да мұқтаждарына арналған өндірістік үстел	дана	1	7 жыл
	Гигиеналық жабыны бар асханалық үстел:			
	Орындықтар жиынтығы бар 4 орындық	жинақ	тамақтану залындағы отыратын орындар саны бойынша	7 жыл
31	Орындықтар жиынтығы бар 10 орындық	жинақ	бір ауысымда тамақтану залындағы отыратын орындар саны бойынша	7 жыл
	Ет кесуге арналған колодасы:			
	Ас үйге арналған	дана	1	7 жыл
	Азық-түлік қоймалары үшін	дана	1	7 жыл
32	Нан сақтауға арналған сөре	дана	2	7 жыл
33	Ыдысты сақтауға арналған металл Стеллаж	дана	2	7 жыл
34	Кептіргіш металл Шкаф	дана	2	7 жыл
35				

	2. Ас үй ыдысы және мүкәммал			
36	Тамақ қалдықтарына арналған қақпағы бар металл бөшке	дана	2	2 жыл
37	Мырышталған шелек: асүйлер үшін			
	асүйлер үшін	дана	5	2 жыл
	азық-түлік қоймаларына арналған	дана	2	2 жыл
38	Эмальданған шелек:			
	асүйлер үшін	дана	4	2 жыл
	азық-түлік қоймалары үшін	дана	1	2 жыл
39	Сыйымдылығы 2,0-10,0 литр терең кастрөл:			
	эмальданған (тот баспайтын болат)	дана	7	2 жыл
	алюминий	дана	7	2 жыл
40	Аспалы айыры	дана	1	2 жыл
41	Транжир айыры	дана	1	2 жыл
42	Сыйымдылығы 10-15 литр ұзын тұтқалары бар кастрөл (сотейник) :			
	эмальданған (тот баспайтын болат)	дана	3	2 жыл
	алюминий	дана	3	2 жыл
43	Диеталық тағамдарды дайындауға арналған тот баспайтын болаттан жасалған плитаға қоятын қазан-қорап	дана	1	2 жыл
44	Балық пісіруге арналған тот баспайтын болаттан жасалған плитаға қоятын қазан	дана	1	2 жыл
45	Сыйымдылығы 20-50 литр плитаға қоятын алюминий қазан	дана	7	2 жыл

46	Сыйымдылығы 20-50 литр тот баспайтын болаттан жасалған плитаға қоятын қазан	дана	3	2 жыл
47	Тот баспайтын болаттан жасалған құю қасық:			
	сыйымдылығы 0,5-0,75 литр	дана	3	2 жыл
	сыйымдылығы 0,2-0,25 литр	дана	2	2 жыл
48	Таба	дана	6	2 жыл
49	Сыйымдылығы 2 л аспаздық шөміш:			
	тот баспайтын болаттан жасалған	дана	2	2 жыл
	алюминий құйылған	дана	2	2 жыл
50	Тот баспайтын болаттан жасалған шумовка	дана	2	2 жыл